Қозғалтқыш типі	170FL, 4-тактілі, 1-цилиндрлі, қақпақтары жоғарыда орналасқан	
Жұмысшы көлемі, см <sup>3</sup>	210	
Отындық бактың көлемі, л	3,6	
Қозғалтқыштың жақпа жүйесінің көлемі, л	0,6	
Максималдық қуаттылық, кВт/ л.с 3600 айн/мин кезінде	5 / 7	
Максималдық айналдырғыш момент, Н*м	14	
Жанармай шығыны, г/кВт*сағ	360	
Салқындату жүйесі	Ауаны еріксіз циркуляциялау арқылы, ауамен	
Тұтандыру жүйесі	CDI	



<b>ЖҮРІС ЖҮЙЕСІНІҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ</b>	<b>MT-700</b>	<b>MT-700W</b>
Типі	Доңғалақты, 2x2 сұлба	
Жол саңылауы, мм	145	155
Ажыратқыш	Сына белдікті, белдіктің доңғалақшамен басу жолымен	
Рөлдік басқару	Штангалық, биіктігі бойынша реттелетін	
Шиналар	4,00-10	19-7x8
Беріліс қорабы	Тістегерішті/тізбекті	
Редуктор қартерін толтыру көлемі, л	2,2	
Берілістер	2 алға, бейтарап, 1 артқа	
Мотоблоктың жұмысқа қабілеттілігі қоршаған ауа температурасы кезінде қамтамасыз етіледі, °С	-20...+35	
Оператордың жұмыс орнындағы шудың деңгейі, дБа артық емес	90	

<b>ТАСЫМАЛДАУ ЖҮМЫСШЫ ПАРАМЕТРЛЕР</b>	<b>MT-700</b>	<b>MT-700W</b>
Қармау ені, мм	700	
Жонғыш диаметрі, мм артық емес	362	
Өңдеу тереңдігі, мм артық емес	300	
Көлік жылдамдығы, м/с (км/сағ) кем емес: I беріліс II беріліс Артқы жүріс	1,05 (3,8) 1,47 (5,3) 0,81 (2,9)	
Көлік жолы, мм (кеңейткіштері жоқ)	350	370
Көлбеу статикалық тұрақтылық бұрышы, град кем емес	15	
Сүйрейтін арбаның толық салмағы, кг артық емес	200	
Габариттік өлшемдері, см	151,5x60x129	151,5x60x129
Қаптама габариттері, см	91 x 63 x 114	91 x 63 x 114
Таза салмағы, кг	65	62

## 2. МОТОБЛОКТЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ (1-сурет)



1-сурет.

**Мотоблоктың негізгі элементтерінің сипаты(1-сурет):**

- |   |   |
|---|---|
| 1. Тұтандырғыш сәндіргіші<br>(кейбір үлгілерде<br>болмауы мүмкін) | 7. Тіркеу   |
| 2. Ажыратқыш тетігі   | 8. Отындық бак  |
| 3. Берілсті ауыстырып<br>қосу тетігі                              | 9. Дроссельдік жапқышты<br>басқару тұтқасы                    |
| 4. Белдікті берілістің<br>қорғаныс қабығы                         | 10. Тістер  |
| 5. Доңғалақ   | 11. Рөлдің күйін бекіткіш                                     |
| 6. Қорғаныс қанаттары   | 12. Жонғыштар жинағы<br>(суреттегіден өзгеше<br>болуы мүмкін) |
|   | 13. Рөл   |

**3. КОМПЛЕКТАЦИЯ**

Мотоблок .....	1 дана	Оң жақ пышақ.....	8 дана
Тістер .....	1 дана	Бұранда M10 .....	2 дана
Тіркеу .....	1 дана	Бұранда M10 .....	16 дана
Жинақтағы төлке (сол жақ).....	1 дана	Сомын M10 .....	18 дана
Жинақтағы төлке (оң жақ) .....	1 дана	Тығырық 10.....	2 дана
Жинақтағы білікше (сол жақ)....	1 дана	Тығырық 10.....	18 дана
Жинақтағы білікше (оң жақ).....	1 дана	Пайдалану бойынша нұсқаулық .....	1 дана
Сол жақ пышақ.....	8 дана		



Егер тасымалдау кезінде қаптаманың толымдылығы бұзылған болса немесе қосалқы бөлшектер зақымдалған болса, өзіңіздің сатушыға жүгініңіз.



**Жеткізілімнің техникалық сипаттамалары мен жиынтығы алдын ала хабарлаусыз өндірушімен өзгертілуі мүмкін.**

**4. МОТОБЛОКТЫҢ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕРІ**

**CARVER®** мотоблогы шағын өлшемді ауылшаруашылық техникасы бұйымдарына жатады және дербес бақша және үй іргесіндегі телімдерде, фермерлік және бау-бақ шаруашылықтарында ауыл шаруашылық жұмыстарының кең ауқымын орындау үшін тағайындалған.

Тіркемелі және аспалы жабдықтары бар мотоблок айдау, қопсыту, жұмсарту, топыратқы қатар аралық өңдеу, шөпті ору, 200 кг дейінгі (тіркеме мен жүргізушінің салмағын ескере отырып) жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылады.

Мотоблок бірқалыпты климатты аудандарда пайдалану үшін әзірленген. Мотоблокты +1°C-тан +40°C дейінгі ауа температурасында қолдану біршама тиімді. Мотоблоктың қызмет көрсету мерзімі біршама артады, егер Сіз осы нұсқаулықта көрсетілген пайдалану, техникалық қызмет көрсету және сақтау бойынша барлық ережелерді қатаң сақтайтын болсаңыз.

Мотоблок пайдалануда қолайлы және қарапайым. Онымен жұмыс істеу арнайы дайындықты қажет етпейді, бірақ нақты аспалы немесе тіркеме құралдарды пайдалану кезінде белгілі дағдылар қажет болады, оған Сіз осы жабдықтарды пайдалану бойынша нұсқаулықты сақтағанда және онымен одан кейінгі жұмыс процессінде ие боласыз.

Бұйымды басқа да мақсаттар үшін қолдану қауіпті болуы мүмкін және шағын қопсытқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

## **5. ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ**

### **5.1. Жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері**

Сіздің және айналадағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесі ескертулерге ерекше назар аударған жөн:

- Мотоблокты пайдалану алдында пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқыңыз. Пайдалану бойынша нұсқаулықты білмеу жарақаттануға немесе құралдың бұзылуына әкелуі мүмкін. Мотоблокты оның тікелей тағайындалуы бойынша пайдаланыңыз. Бұйымды басқа да мақсаттар үшін қолдану қауіпті болуы мүмкін және шағын қопсытқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін. Әсіресе шағын қопсытқышты тастар, сымдар және басқа да қатты заттар болуы мүмкін учаскелерде пайдалану қауіпті.

- Пайдаланылған түтінде улы иіс газы бар. Мотоблокты жабық ғимараттарда пайдалануға тыйым салынады. Мотоблок пайдаланылатын аумақ жақсы желдетілетініне көз жеткізіңіз.

- Айналмалы жонғыштар күрделі жарақаттың себебі болуы мүмкін. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жонғышармен қолдың немесе аяқтың жанауынан сақтаныңыз.

- Жонғыштарды тексеру алдында ажыратқышты өшіріңіз де, қозғалтқышты тоқтатыңыз.

- Кескіш элементтерді тазалау немесе алмастыруды тек тығыз материалдан жасалған қорғаныс қолғаптарымен жүргізіңіз.

### **5.2. Жұмысшы кеңістік**

- Өңделетін учаскені бөгде заттардан, тастардан, сымдардан және т.с.с. тазалаңыз.

- Өңделетін учаскеде адамдар немесе жануарлардың жоқтығын үнемі бақылаңыз.

- Тәуліктің қараңғы уақытында, нашар ауа-райында немесе нашар көрінетін жағдайларларда мотоблокпен жұмыс істеменіз.

- Егер Сіз мотоблокпен артқа қарай қозғалсаңыз, артыңызда адамдардың немесе бөгде заттардың жоқтығын қараңыз.

- Еңіс жерде жұмыс уақытында отынның төгілуінің алдын алу үшін бактың жартылай толтырылғанын бақылау қажет.

- Еңістердің бойында мотоблокты басқарыңыз.

- Мотоблокпен жұмыс кезінде немесе еңістерде бұрылу кезінде аса сақ болыңыз.

- Көтерілу деңгейі 10° жоғары еңістерде жұмыс жүргізбеңіз. Жеке қауіпсіздік пен басқа тұлғалардың қауіпсіздігі мақсаттарында еңіс жерлерде

жоғары және төмен қозғалу кезінде мотоблокты пайдалану уақытында аса мұқият болыңыз.

### 5.3. Жеке қауіпсіздік

- Мотоблокпен жұмыс кезінде тұрақты күйге ауысыңыз, қозғалыс кезінде тепе-теңдікті сақтаңыз.
- Мұқият болыңыз, мотоблокпен жұмыс кезіндегі ісіңізді үнемі бақылаңыз, өзіңіздің әрекетіңізді дұрыс мағынадағы көзқараспен бағалаңыз. Егер шаршап тұрсаңыз немесе реакцияны баяулататын дәрілік немесе медициналық препараттардың, сонымен қатар ішімдік немесе есіртілік заттардың әсерінде болсаңыз, мотоблокпен жұмыс істемеңіз. Бұл күрделі жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда жонғышқа аяғыңызбен немесе қолыңызбен жанаспаңыз.
- Сәйкес киімді киіңіз. Аса бос киім немесе ұзын жіберілген шаш жұмыс істеп тұрған шағын қопсытқышты қозғалмалы бөлігіне түсуі мүмкін. Жалаңаяқ немесе ашық аяқ киімде жұмыс істемеңіз. Қолайлы аяқты жауып тұратын, қауіпсіз аяқ киім киіңіз. Қолыңызға қорғаныс қолғаптарын киіңіз.
- Жұмыс уақытында қорғаныс көзілдіріктері мен қорғаныс құлақпаптарын пайдаланыңыз.

### 5.4. Мотоблокпен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік техникасы

- Мотоблокты әрбір пайдалану алдында ақаулар мен зақымданудың жоқтығына тексеру жүргізіңіз. Қажет болған жағдайда зақымдалған бөлшектерді алмастырыңыз. Барлық бұрандалар, сомындар және бұрандамалар берік тартылғанын бақылаңыз.
- Барлық бөлшектері мен тораптары жұмысшы күйде екендігіне және орнында екеніне көз жеткізіңіз.
- 18 жасқа толмаға тұлғаларға және пайдалану бойынша осы нұсқаулықпен таныс емес тұлғаларға мотоблокты басқаруға рұқсат етпеңіз.
- Балалардың мотоблокты басқаруына рұқсат бермеңіз, тіпті ересектердің бақылауымен де.
- Айналадағыларға жұмыс кезінде мотоблокқа жақын болуына мүмкіндік бермеңіз.
- Жұмысты бастар алдында айналадағы жерді қараңыз, бедерді және жұмысқа кедергі келтіретін қандай да бір кедергілердің барын тексеріңіз.
- Қозғалтқышты іске қосуды осы нұсқаулықта баяндалған нұсқауға сай жүргізіңіз. Қозғалмалы және кескіш элементтерге аяқпен жанаспаңыз.
- Мотоблокпен жұмыс істемеңіз, егер ол зақымдалған, дұрыс жиналмаған немесе оның бөліктері сенімсіз бекітілген болса.
- Ыстық бітеуішке, цилиндр қабырғасына жанаспаңыз.
- Қозғалтқыштың баптауларын ауыстырмаңыз, қозғалтқышты артық жүктемеңіз.
- Жонғыштарды тазалау алдында қозғалтқышты бітеңіз және оның толықтай тоқтауын күтіңіз.
- Қызмет көрсетудің барлық түрлері тек мамандандырылған сервистік орталықтарда ғана жүргізілуі тиіс.
- Қозғалтқышты қосулы күйде қалтырмаңыз, егер уақытша мотоблокпен жұмыс істеуді тоқтатсаңыз.

■ Тұтану қаупін төмендету үшін қозғалтқышты, бәсеңдеткішті ластанудан тазалауды жүргізіңіз.

■ Қауіпсіздік үшін тозған немесе зақымдалған бөлшектер алмастырылған болуы тиіс.

### 5.5. Отын құйған кездегі қауіпсіздік шаралары

■ Отынды құяр алдында қозғалтқышты өшіру қажет.

■ Мотоблокты жұмыс істеп тұрған қозғалтқыш суымаған кезде және ашық от көздеріне жақын жерде отынмен толтырмаңыз.

■ Толтыру уақытында шылым шекпеңіз. Егер толтыру уақытында Сіз отынды төгіп алсаңыз, қозғалтқышты іске қоспаңыз, шағын қопсытқышты басқа орынға ауыстырып қойып, төгілген отынды алып тастауға тырысыңыз. Егер жанармай теріге тиген болса, оны сабынды сумен жуыңыз.

■ Отынмен толтыруды ашық ауада немесе жақсы желдетілетін ғимаратта жүргізіңіз. Жанармай бағы мен жанармайы бар сыйымдылықтардың қақпағын тығыз жабыңыз. Жанармайды осы мақсаттар үшін арнайы тағайындалған ыдыста сақтаңыз.

■ Ешқашан да жанармай бағында жанармайы бар мотоблокты ғимаратта қалтырмаңыз, онда ашық оттың, ұшқынның немесе жоғары температура көзімен жанасудан жанармай буларының тұтануы орын алуы мүмкін.

■ Мотоблоктың бағынан жанармай қалдықтарын қозғалтқышты өшіріп және суытып барып ашық ауада төгіңіз.

## 6. МОТОБЛОКТАҒЫ ТАҢБАЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Мотоблоктың корпусында келесі ескертпелер енгізілген:

	Мотоблокты пайдалану алдында пайдалану бойынша нұсқаулықты мұқият оқыңыз		Жұмыс уақытында қорғаныс көзілдіріктері мен қорғаныс құлақпаптарын пайдаланыңыз
	Қозғалтқышты іске қосуды осы нұсқаулықта баяндалған нұсқауға сай жүргізіңіз		Мотоблокты жабық ғимараттарда пайдалануға тыйым салынады
	Назар аударыңыз!		Өртке қауіпті!
	Айналадағыларға жұмыс кезінде мотоблокқа жақын болуына мүмкіндік бермеңіз		
	Ыстық бітеуішке, цилиндр қабырғасына жанаспаңыз		Мотор майын толтыру сұлбасы
	Қозғалмалы беріліс белдігіне жанаспаңыз		Жоғары кернеу
		Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жонғышармен қолдың немесе аяқтың жанасуынан сақтаныңыз	

## 7. МОТОБЛОКТЫ ЖИНАУ

Мотоблоқты бөлшек-теніз, толық комплекта-цияның барына көз жеткізіңіз (3-тармақ).


Релді орнатыңыз да, Сіздің бойыңыз үшін қолайлы күйде бекітіңіз.

Жинақтағы бекіткіш бұрандаларды пайдаланып, қанаттарын орнатыңыз.

2-сурет.

1. Рөл
2. Релдің баған
3. Ажыратқыш тұтқасы
4. Газ тетігі
5. Деңгей
6. Рөл бекіткіш
7. Бұранда

M10-6gx75.58.016;  
Тығырық 10 65Г 016;  
Сомын M10-6H.5.016




## Жонғыштарды жинау (бөлшектелген жинақтармен комплектациялау үшін)

Ернемекектерге пышақ жонғыштарының осін (3-сурет "Жонғыштарды жинау сұлбасы") ретімен орнатыңыз (пышақтарды оның қайралған беттері жұмыс кезінде алдыға айналатындай түрде орнатыңыз) және олардың бұрандалар, тығырықтар және сомындар көмегімен бекітіңіз.




**Жонғыштарды дұрыс жинаған жағдайда оң жақ және сол жақ жонғыштар болады, оларды мотоблокқа орнату кезінде оны міндетті түрде ескертіңіз.**

3-сурет Жонғышты жинау сұлбасы




А суреті - Жонғыш КМБ1.001.010.5

- 1 - жинақтағы білікше;
  - 2 - оң жақ пышақ;
  - 3 - сол жақ пышақ;
  - 4 - бұранда M10-6gx25.58.016;
- а) сомын;  
б) жалпақ тығырық;  
в) ойғыштың тығырығы.



Б суреті - Жонғыш КМБ1.001.030.2

- 1 - жинақтағы төлке;
  - 2 - оң жақ пышақ;
  - 3 - сол жақ пышақ;
  - 4 - бұранда M10-6gx25.58.016;
- а) сомын M10-6H.5.016;  
б) жалпақ тығырық;  
в) ойғыштың тығырығы.



В суреті-

- Жонғыштың айналу бағыты
- 1 - қопсытқыш жонғышы;
  - 2 - тежеуіш

## 8. ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

### 8.1. Қозғалтқыш



#### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

**Мотоблоктың қозғалтқышы маймен толтырылған.**



#### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

**Қозғалтқышта 4-тактілі қозғалтқыштарға арналған минералды май пайдаланылады (SAE30).**

**Майдың басқа түрлерін пайдалану қозғалтқыштың істен шығуына әкелуі мүмкін.**

Мотоблок қозғалтқышы майдың төмен деңгейі тетігімен жабдықталған.

Майдың деңгейі жеткіліксіз болған жағдайда қозғалтқышты іске қосу бұғатталады (май тетігінің болуы пайдаланушыны май деңгейін үнемі тексеруден босатпайды)

Маймен толтыруды қозғалтқышты өшіру арқылы жалпақ бетте жүргізген жөн.

Құйғыш мойынның тығын-қуыс бұрғысының бұраңыз.

Мотор майының қажетті мөлшерін құйыңыз(1-кестені қараңыз)


Тығын қуыс бұрғыны берік етіп бұраңыз.

#### **Майдың деңгейін тексеру үшін:**

май құйғыш мойынға қуыс бұрғыны енгізіңіз, бірақ бұрамаңыз, майдың деңгейі жеткіліксіз болған кезде майды қажетті деңгейге дейін құйыңыз(4-сурет).

Жалпы жағдайларда пайдаланған кезде барлық температураларда SAE10W30 майы ұсынылады. Егер май қандай да бір белгілі жағдайлар үшін пайдаланылса, пайдалану саласының орташа температуралық режиміне сәйкес келетін тұтқырлық деңгейін таңдаңыз.

4-сурет.



1. Май құятын тесік
2. Жоғары деңгей
3. Төменгі деңгей



**Ерімейтін майлар мен екі тактілі қозғалтқыштарға арналған майды пайдалануға ұсынылмайды, себебі олар қозғалтқыштың қызмет көрсету мерзімін қысқартады.**



## 8.2. Отынды толтыру

### Отын:

■ Тек қана АИ-92 маркалы автокөлік жанармайын пайдаланыңыз.


■ Тек этиленбеген отынды пайдаланыңыз.

■ Ешқашан да май мен жанармай қоспасын немесе тазартылмаған жанармайды пайдаланбаңыз. Отындық бакқа кірдің, шаңның немесе судың түсуіне жол бермеңіз.

■ Отынмен толтыруды жақсы желдетілетін ғимаратта және қозғалтқышты сөндіріп жүргізген жөн.

■ Отынды толтыру кезінде және отынды сақтау аймағында ашық отты пайдаланбаңыз және шылым шекпеңіз.

■ Отындық бакты ауыстырып құймаңыз (отын келте құбырда болуы тиіс) және толтырғаннан кейін бактың қақпағы тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз (5-сурет).



**Жанармай айрықша өртке қауіпті зат болып табылады, ал бегілі жағдайларда ол жарылысқа қауіпті.**

■ Төгілмеуін бақылаңыз. Жанармай булары немесе төгілген отын жеңіл тұтанады. Егер Сіз жанармайды төгіп алсаңыз, қозғалтқышты іске қоспас бұрын бұл орынның толық кепкеніне және жанармай буы желденгеніне көз жеткізіңіз.

■ Терімен қайталап немесе ұзақ жанасуынан, сонымен қатар буын иіскеуден аулақ болыңыз.


## 8.3. Редуктор



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Мотоблоктың редукторы маймен толтырылған. Редуктордағы майдың жеткіліксіз мөлшері ауыр зақымдануға әкелуі мүмкін.**

Мотоблокты тегіс бетке орналастырыңыз да, редуктордың май құятын тесігінің ауашығарғышын бұрап шығарыңыз.

SAE 80W-90, SAE85W-90 немесе басқа да ұқсас жоғары сапалы трансмиссиялық майды құйыңыз.



**Құйылатын трансмиссиялық майдың көлемі 2,2 л.**

## 9. ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСУ


Мотоблоктың қозғалтқышы бос жүрісте айдауды қажет етпейді.

Пайдаланудың алғашқы 5 сағаты оның бөлшектері мен тораптарын іске кірістіру кезеңі болып табылады, сондықтан да бұл мерзімде мотоблокты қайта жүктеуге рұқсат етілмейді.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Қозғалтқышты іске қосуды тек бейтарап берілісте ғана жүргізу керек.

- Іске қосу алдында май мен отынның деңгейін тексеріңіз, қажет болса толтырыңыз.
- Отындық қранды (1) **ON** күйіне бұраңыз. (7-сурет).
- Ауа жапқышының тетігін (2) **CLOSE** (жабық) күйіне жылжытыңыз.
- Сол жақ тұтқадағы (3) газдың тетігін ортаңғы күйге ауысырыңыз.
- Жылдамдықты ауыстыру тетігін бейтарап күйге орнатыңыз.
- Қозғалтқыштың сөндіргішін **ON** (Қосу) күйіне орнатыңыз.
- Кедергіні сезінгенге дейін стартер тұтқасын сәл тартыңыз да, сосын тұтқаны бірден тартыңыз.
- Арқан жоғары жылдамдықпен шумақталмауы үшін стартер тұтқасын жібермеңіз. Стартердің зақымдалуына жол бермеу үшін тұтқаны ақырын бастапқы күйіне қайтарыңыз.
- Қозғалтқыш іске қосылады.



- Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін ауа жапқыштың тетігін **OPEN** (ашық) күйіне ауыстырыңыз.
- Жылдың суық мерзімінде пайдаланған кезде ауа жапқыштың тетігін (1) қозғалтқышты қыздыру уақытында толық ашылғанға дейін біртіндеп жылжытыңыз.

### Қозғалтқышты өшіру

1. Газдың тетігін қозғалтқыштың минималдық айналымдары күйіне ауыстырыңыз.
2. Қозғалтқыштың сөндіргішін **OFF** (Өшіру) күйіне ауыстырыңыз.
3. Отындық кранды **OFF** (Өшіру) күйіне ауыстырыңыз.

## 10. БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ


### Газ тетігі

Газдың тетігін ауыстыру арқылы қозғалтқыш айналымдары реттеледі (7-сурет, 3-поз).

Орындалатын жұмысқа байланысты қажетті айналымдарды таңдаңыз.


### Мотоблок ажыратқышы

Мотоблок ажыратқышы редукторға қозғалтқыштың айналдырғыш моментін беруді қамтамасыз етеді. Ажыратқыш тетігі басулы, ажыратқыш қосулы болған кезде айналдырғыш момент редукторға беріледі. Ажыратқыш тетігі босатылған кезде редуктор қозғалтқыштан өшеді (8-сурет).



8-сурет.

### Берілісті ауыстырып қосу



9-сурет.

Берілісті ауыстырып қосу тетігін орнатылған құрал мен жұмыс жағдайларына сәйкес басқару қажет (9-сурет).

Берілісті ауыстырып қосу:

1. Дроссельдік жапқыш тетігімен қозғалтқыштың минималдық айналымдарын орнатыңыз.
2. Ажыратқыш тетігін босатыңыз.
3. Берілісті ауысырып қосу тетігін қажетті күйге ауыстырыңыз.




**Қозғалыс кезінде немесе жүктемемен берілісті ауыстырып қосуға тыйым салынады.  
Егер берілісті ауыстырып қосу тетігі қажетті күйге ауыспаса, мотоблоктың орнын сәл ауыстырыңыз.**

### Тіркегіш құрылғысын пайдалану

Жалғайтын құралды тіркегіш құрылғыға орналастырыңыз да, тіркегіш құрылғының білігімен бекітіңіз (10-сурет).

1. Тіркегіш құрылғы
2. Тіркегіш құрылғысының білігі



## 11. ПАЙДАЛАНУ

Қозғалтқышты іске қосыңыз. Керекті берілісті таңдаңыз, газдың тетігінің орнын ауыстырып, қозғалтқыш айналымын қосыңыз.

Мотоблокты қозғалысқа әкелу үшін ажыратқыш тетігін ақырындап басыңыз.

Бұрылуды орындау үшін: газды бәсеңдетіңіз, жылдамдықты азайтыңыз, қажетті тұтқаны алдыға итеріңіз (егер оң жаққа бұрсаңыз - солға, егер сол жаққа - оң жаққа итеріңіз).

Қопсытуды бастау үшін, рөлдің тұтқасын астыға басу қажет, айналмалы жонғыштар өңделетін топыраққа жүктеледі.

- **Еңіс жерлерде мотоблокты пайдалану оның төңкерілуіне әкеледі.**
- **Мотоблокты сәйкес дағдысы мен тәжірибесі жоқ тұлғалардың басқару жарақаттануға әкелуі мүмкін.**
- **Берік, аяқты толықтай жабатын аяқ киімді пайдаланыңыз. Мотоблокты аяқ киімсіз, беті ашық аяқ киіммен басқару ауыр жарақат алудың себебі болуы мүмкін.**
- **Мотоблокты тек тәуеліктің жарықуақытында пайдаланыңыз.**
- **Егер жонғыш ластанған болса, арамшөптердің тамырымен жаншылған болса, қозғалтқышты тез арада тоқтатыңыз, одан кейін жонғыштарды мұқият тазалаңыз. Тазалау уақытында қорғаныс қолғаптарын пайдаланыңыз.**
- **Қосымша құрал мен жабдықтарды пайдаланып, қосымша құралға берілетін сәйкес нұсқаулықта жетекшілікке алыңыз.**

## 12. МОТОБЛОҚҚА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Мотоблоктың жұмысы уақытында тербеліс, температура айырмасы, әртүрлі жүктемелер салдарынан бұрандалы қосылыстардың тартылуының босауы, үйкелетін бөлшектердің тозуы жүреді. Бұл саңылаулардың артуына, қозғалтқыштың қуаттылығының төмендеуіне, май шығынының артуына, басқару тораптары реттелуінің бұзылуына әкеледі. Бұл мотоблоктың қызмет көрсету мерзіміне біршама әсер етеді. Мұндай әсердің алдын алу үшін, сонымен қатар мотоблокты пайдалану мерзімін арттыру үшін үнемі техникалық қызмет көрсетуді жүргізу қажет. Тозған және зақымдалған бөлшектер түпнұсқа қосалқы бөлшектерге алмастыруға жатады. Мотоблокқа техникалық қызмет көрсетуді жүргізудің төмендегі кестесіне сәйкес тексеру мен техникалық қызмет көрсетуді жүргізіңіз.

2-кесте.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ		Жұмысты бастар алдында	Бірінші ай немесе жұмыс істеудің әрбір 20 сағаты	Әрбір 3 ай сайын немесе жұмыс істеудің әрбір 50 сағаты	Әрбір 6 ай сайын немесе 100 сағат жұмыстан кейін	Бір жылдан соң немесе жұмыс істеудің 300 сағатынан кейін
ТОРАПТЫҢ НЕМЕСЕ ОПЕРАЦИЯНЫҢ АТАУЫ Жұмыстар көрсетілген айда немесе атқарылған сағат мөлшерінде орындалады, қайсысы бірінші келгеніне байланысты.						
Мотор майы	Деңгейді тексеру	X				
	Алмастыру		X		X	
Ауа сүзгісінің ішкі элементі	Тексеру	X				
	Тазалау			X (1)		
Отын сүзгісінің нығыздағыш сақинасы	Тазалау				X	
Тұтандыру шамы	Тазалау, реттеу				X	
Трансмиссиялық май	Деңгейді тексеру	X				
Қақпақ білігі мен итергіш арасындағы саңылау	Тазалау, реттеу					X (2)
Отындық бак және отындық сүзгі	Тазалау					X (2)
Ажыратқыш арқаны	Реттеу		X		X	
Дроссельдік жапқыш арқаны	Реттеу					X
Белдікті тарту	Реттеу		X		X	
Отын құбыры	Тексеру	Әрбір екі жыл сайын (2) (Қажет болғанда алмастырыңыз)				

*Ескерту:*

(1) Біршама жиі тексеру мен техникалық қызмет көрсету жүргізіңіз, егер мотоблок шаңды және ауыр жұмыс жағдайларында пайдаланылса.

(2) Бұл операцияларды мамандандырылған сервисте жүргізу керек.

(X) Жұмысты пайдаланушы орындайды.



**Алғашқы 5 сағат жұмыстан кейін осы нұсқаулықта төменде сипатталғандай мотор майын ауыстыру қажет.**

I. Әрбір пайдалану алдында және жұмыс соңында келесі операцияларды орындау қажет:

- Мотоблок агрегаттарының жұмысын бөгде шуларды анықтау затына тыңдаңыз.

- Мотоблоктың үстін майдың немесе отынның ағуы жоқтығына тексеріңіз.
- Жалғауларды тексеріңіз, люфт жоқ па
- Қозғалтқыштағы майдың деңгейін тексеріңіз, егер қажет болса толықтырыңыз.

II. Әрбір 50 сағатта I-тармақты қайталап, келесілерді орындау керек:

- Ажыратқышты тексеру және реттеу.

III. Әрбір 300 сағатта II-тармақты қайталап, келесілерді орындау керек:

- Жонғыштарды, жалғағыш бұрандаларды тексеріңіз және қажет болғанда жаңасына алмастырыңыз.


IV. 1500-2000 сағаттан кейін қызмет көрсетуді мамандандырылған сервисте жүргізу керек.

### 12.1. Мотор майын алмастыру

Қозғалтқыш тоқтамаған кезде майдың толық және жылдам төгілуі мақсаттарында майды төгуді жүргізу қажет.

Ағызатын мойынның астына майды жинауға арналған сыйымдылық орналастырыңыз, құю мойнының тығын-қуыс бұрғысын бұраңыз да, ағызатын тығынды бұраңыз. Майды төгіңіз де, сосын ағызу тығынын орнына қойып, бұраңыз.

Ұсынылған моторлық майды құйыңыз, деңгейін тексеріңіз, құю мойнының тығынын орнатып, оны бұраңыз. Мотор майының көлемі 0,6 л құрайды (11-сурет). Пайдаланылған майды ұстағаннан кейін қолыңызды сабынмен жуыңыз.



11-сурет. 1

1. Майды ағызуға арналған тығын
2. Май құятын төсіктің қақпағы
3. Жоғарғы шектеуші деңгей



**Моторлық майды тиісті түрде жоюды өтінеміз. Біз Сізге пайдаланылған майды герметикалық сыйымдылыққа салып, қалдықтарды жою бойынша сервистік қызметке жүгінуді сұраймыз. Герметикалық сыйымдылықты қоқыс жәшігіне тастамаңыз және пайдаланылған майды жерге төкпеңіз.**

## 12.2. Ауа сүзгісіне қызмет көрсету

Ластанған сүзгі карбюраторға ауаның кіруін қиындатады. Карбюратор жұмысындағы ақаулықтардың алдын алу үшін сүзгіні үнемі тексеріңіз. Егер қозғалтқыш шаңды жағдайларда жұмыс істесе, оны жиі істеңіз.



**Ешқашан сүзгі бөлшектерін тазалау үшін тұтану нүктесі төмен еріткішті немесе жанармайды пайдаланбаңыз. Бұл өрттің немесе жарылыстың себебі болуы мүмкін.**

Қызмет көрсетудің мерзімділігі: жұмыс істеудің әрбір 30 сағатынан немесе үш айдан кем емес. Жоғары шаңданудың ерекше жағдайларында қызмет көрсетудің жиілігін арттыру нақты жағдайға байланысты анықталады.


Қақпақты қайта бөлшектеу (12-сурет, 1-поз). Қақпақты корпусдан бөлген кезде (12-сурет, 3-поз) нығыздағышты бүлдіріп алмаңыз. Сүзгіш элементті шешіңіз (12-сурет, 2-поз).

Ауа сүзгісінің күйін тексеріңіз, ластанған сүзгіні алмастыру қажет.

Ауа сүзгісін кез келген сұйықтықпен жууға тыйым салынады. Сүзгі элементін штаттық орынға орналастырып, қақпағын орнату керек.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Ауа сүзгіш элементті бөлшектелген қозғалтқышты іске қоспаңыз.**





**Сүзгіш элементті жанармаймен және жеңіл тұтанатын сұйықтықтармен жууға қатаң тыйым салынады.**


### 12.3. Отын сүзгісін тазалау



**Жанармай — өте тұтанғыш және жарылыс қаупі бар зат. Шылым шекпеңіз және отынның жанында жалын немесе ұшқын жоқтығына көз жеткізіңіз.**

Отындық кранды "Жабық" (OFF) күйіне ауыстырып, отындық фильтрдің сомыны мен нығыздағыш сақинаны босатыңыз. Бөлшектерді еріткішті жуыңыз, оларды мұқият тазалаңыз және бұрынғы орнына қайта орнатыңыз. Отындық кранды "Ашық" (ON) күйіне ауыстырып, отынның ағуы жоқ екендігіне көз жеткізіңіз (13-сурет).

1. Нығыздағыш сақина
2. Отын сүзгісінің сомыны



13-сурет.

### 12.4. Тұтандыру шамдарына техникалық қызмет көрсету



**Шоқ саны ұсынылмаған тұтандыру шамын пайдалануға тыйым салынады.**

Ұсынылатын тұтандыру шамдары: BPR5ES (NGK), W16EPR-V (NIPPON-DENSO).


Қозғалтқыштың сәйкес жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті саңылау және тұтандыру шамында күйенің болмауы тиіс.



**Жұмыс процесі уақытында бәсеңдеткіш қатты қызады. Бәсеңдеткішпен жанасудан сақтаныңыз.**

- Тұтандыру шамының ұштығын шешіңіз де, шамның айналасындағы ласты жойыңыз (14-сурет).

- Арнайы бүйірлік кілтпен тұтандыру шамын бұрап шығарыңыз.



14-сурет.






**Егер қызмет көрсету алдында қозғалтқыш жұмыс істемес, онда газды шығару жүйесі ыстық болады. Сақ болыңыз, оған жанаспаңыз.**

- Тұтандыру шамын оқшаулағыштағы сызаттар ме жарықшақтарға, электродтардың тозуына тексеріңіз. Егер ақаулар анықталса — шамды алмастырыңыз.

- Электродтар арасындағы саңылауды арнайы жалпақ қуыс бұрғымен тексеріңіз. Қалыпты саңылау 0,7-0,8 мм құрауы тиіс. Қажет болғанда шетбеттік электродты абайлап иіп, саңылаудың шамасын реттеңіз (15-сурет).



- Тығырықтың күйін тексеріңіз.

- Шамды орнына орнатыңыз, оны қолмен бұраңыз, сосын тұқыр соын кілтпен тартыңыз.

**Ескерту:** егер Сіз жаңа тұтандыру шамын орнатсаңыз, тығырықты деформациялау үшін оны бүйірлік кілтпен 1/2 айналымға тартыңыз. Егер шам қайталап пайдаланылса, онда оны 1/8-1/4 айналымға бұрау керек.

- Тұтандыру шамының ұштығын кигізіңіз.



**Тұтандыру шамы берік тартылуы тиіс.**


**Дұрыс бұралмаған шам қозғалтқыштың жұмысы кезінде қызады және қозғалтқыштың зақымдануына әкелуі мүмкін. Тұтандыру шамын тартуға үлкен күш салу цилиндр басының бұрандасын зақымдауы мүмкін.**

## 12.5. Ажыратқыш арқанды реттеу

Тетіктің ұшында ажыратқыштың бос жүрісін өлшеңіз (16-сурет).

Бос жүріс 3-8 мм болуы тиіс.

Егер ажыратқыштың арқаны жүрісі сәйкес келмейтін болса, бөгеткіш сомынды босатыңыз да, қажет болғанда реттегіш бұранданы бұраңыз немесе босатыңыз.



Реттеуден кейін бөгеткіш сомынды тартыңыз. Сосын қозғалтқышты іске қосыңыз да, ажыратқыш тетігінің жақсы пайдаланушылық жұмысына көз жеткізіңіз.

### 12.6. Дроссельдік жапқыш арқанын реттеу

Тетіктің ұшында ажыратқыш арқанының бос жүрісін өлшеңіз (17-сурет).

Бос жүріс 5-10 мм болуы тиіс.

Егер бос жүріс сәйкес келмейтін болса, бөгеткіш сомынды босатыңыз да, қажет болғанда реттегіш сомынды бұраңыз.

### 12.7. Белдіктің керілуін реттеу


Ажыратқыш тетігінің бос жүрісін реттеңіз(17-сурет).

Белдіктің бос жүрісі ажыратқышы қосылған кергіш доңғалақша аймағында 60-65 мм болуы тиіс (ажыратқыш тетігі қысылған болуы тиіс) (18-сурет).


Реттеуді жүргізу үшін төрт орнату бұрандасын босату қажет. Белдіктің тартылуын реттеу үшін қозғалтқышты алдыға немесе артқа ауыстырыңыз(18-сурет).

Белдіктің тоқтатқыш механизмінде бекіткіш бұрандаларды босатыңыз. Белдіктің тоқтатқыш механизмі мен белдіктің арасындағы саңылауды суретте көрсетілгендей реттеңіз (бұл әрекет кезінде ажыратқыш сығылған болуы тиіс) (19-сурет).


#### 1. Белдіктің тоқтатқыш механизмі



17-сурет.



1. Орнату бұрандалары қозғалтқыштың - 4 дана
2. Қозғалтқыштың бекіткіш бұрандасы



19-сурет.

## 13. ТАСЫМАЛДАУ

Мотоблокты көлік құралына жүктеу алдында қозғалтқыш пен газ шығаратын жүйені суыту керек, себебі ыстық бөлшектер жанасу кезінде Сіздің күйдіруі

мүмкін және кейбір материалдарды тұтандыру мүмкін. Отынды төкпес үшін, тасымалдау алдында оны бактан төгіңіз де, тұтандырғышты өшіріңіз.

Габариттерді азайту үшін рөлді бөлшектеңіз, мотоблокты көлік құралының жүк бөлігіне тігінен орнатыңыз да, оны шнурмен немесе белдікпен басқару тораптарын, карбюраторды және арқандарды зақымдамайтындай түрде бекітіңіз.



**Қозғалтқыш қартерінен майдың ағуының алдын алу үшін мотоблоктың қырымен тасымалдауға тыйым салынады.**

## 14. ҰЗАҚ МЕРЗІМГЕ САҚТАУ

Мотоблоктың ұзақ мерзімге сақтауға дайындау кезінде келесі операцияларды орындаңыз:

- Отынды төгіңіз. Отын қранын жабыңыз, тұндырғышты шешіңіз, одан отынды төгіңіз де, карбюратордың астына арнайы сыйымдылықты орналастырып, отын қранын ашып, оған отынды ағызыңыз. Тұндырғышты орнына орнатыңыз. Карбюратордың ағызатын бұрандасын шығарып алып, одан отынды төгіңіз.

- Мотоблоктың беттерін кір мен шаңнан тазартыңыз.

- Тұтандыру шамын бұрап алыңыз да, мотор майының цилиндріне шамамен 15 мл құйыңыз, сосын тұтандыру шамын орнына орнатыңыз.


- Кедергіні сезінгенге дейін стартер тұтқасын тартыңыз. Стартердің тегершігіндегі белгі стартердің қаптамасындағы тесікке сәйкес келгенге дейін стартердің тұтқасын тартуды жалғастырыңыз. Бұл күйде қозғалтқыштың енгізетін және шығаратын қақпағы жабық. Осылайша, Сіз қозғалтқышты іштей тот басудан сақтандырасыз (20-сурет).

- Тот басудан қорғау үшін боялмаған беттерді майлаңыз да, басқару тетіктеріне силиконды жақпаны жағыңыз.

- Мотоблокты шаңнан қорғап жабыңыз.

- Мотоблокты құрғақ, желдетілетін, жабық ғимаратта сақтаңыз.

Стартердің тегершігіндегі белгіні стартер қақпағының жоғарғы бөлігіндегі тесікпен сәйкестендіріңіз.



20-сурет.

## 15. МҮМКІН АҚАУЛАР

Ақаулық	Себебі	Жою тәсілі
Қозғалтқыш іске қосылмайды	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тұтандырғыш қосылмаған</li> <li>2. Отын қраны жабық</li> <li>3. Отын бағында жанармай жоқ.</li> <li>4. Ескі жанармай</li> <li>5. Ұшқын жоқ</li> <li>6. Ауа фильтрі ластанған</li> <li>7. Май деңгейі төмен</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тұтандырғышты қосыңыз</li> <li>2. Отын қранын ашыңыз</li> <li>3. Отындық бакқа жанармай құю</li> <li>4. Ескі жанармайды төгіп, балғынын құйыңыз</li> <li>5. Тұтандыру шамын тазалау немесе алмастыру, жоғары вольтты сымды тексеріңіз.</li> <li>6. Ауа фильтрін тазалаңыз</li> <li>7. Майды толықтырыңыз</li> </ol>
Қозғалтқыш іске қосылады, бірақ сосын өшіп қалады	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауа жапқышы жабық</li> <li>2. Отын қраны жабық</li> <li>3. Ауа фильтрі ластанған</li> <li>4. Тұтандыру шамында ақау бар немесе ластанған</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауа жапқышты ашыңыз</li> <li>2. Отын қранын ашыңыз</li> <li>3. Ауа фильтрін тазалаңыз</li> <li>4. Шамды алмастырыңыз</li> </ol>
Ажыратқыш қосылмаған кезде жонғыштар айналады	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ажыратқыш арқаны немесе жетекті белдікті қатты тартыңыз</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ажыратқыш немесе белдіктің тартылуын реттеңіз</li> </ol>
Сыналы белдіктің тұрып қалуы	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Белдікте немесе тегершіктегі майлы ластану</li> <li>2. Белдік өте әлсіз тартылған</li> <li>3. Белдік қатты тозған</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шаңды жойыңыз</li> <li>2. Белдіктің тартылуын реттеңіз</li> <li>3. Белдікті алмастырыңыз</li> </ol>
Редуктордан шу шығуда	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мойын тірек тозаған немесе зақымдалған</li> <li>2. Жұлдызшаның тісшелері тозған</li> <li>3. Жұлдызшаның тісшелері сынған</li> <li>4. Жақпаның жетіспеуі немесе сапасының нашар болуы</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1-3. Мамандандырылған сервиске жүгініңіз</li> <li>4. Майды толтыру немесе алмастыру</li> </ol>
Редуктордан жайылу	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бұранданың босауы</li> <li>2. Жоғарғы төсем немесе тегершіктер зақымдалған</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бұранда мен сомынды тартыңыз</li> <li>2. Мамандандырылған сервиске жүгініңіз</li> </ol>

**Мотоблокты жөндеу мен техникалық қызмет көрсетудің барлық түрлерін уәкілетті жөндеу шеберханаларының білікті қызметкерлері жүргізуі тиіс.**

## **16. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Өтінеміз, техниканы стапы алған кезде осы кепілдік міндеттемелермен танысыңыз және кепілдік талон сауда ұйымымен тиісті түрде толтырылуын бақылаңыз. Бұйымның сыртқы түрін, сонымен қатар оның толымдылығын бұйымның төлқұжатына сай мұқият тексеріңіз. Сыртқы түрі мен толымдылығына наразылықты сатушыдан тауарды қабылдау кезінде тез арада ұсыныңыз.

Жөндеу және техникалық қызмет көрсетумен байланысты барлық сұрақтар бойынша өндірушінің сайтында [www.uralopt.ru](http://www.uralopt.ru) көрсетілген шеберханаларға және уәкілетті сервистік орталықтарға жүгініңіз.

Техниканы кепілдік жағдайды орнату затына техникалық куәландыру тек уәкілетті сервистік шеберханада жүргізіледі. Бұйымға кепілдік мерзім 12 айды құрайды.

Өндіруші техникалық шарттардың талаптарына сәйкес техниканың жұмысқа қабілеттілігі барлық кепілдік мерзімі ішінде жұмысқа қабілеттілікке кепілдік береді.

Кепілдік өндірістік ақаулармен немесе материалдармен туындаған бұйымның кез келген кемшіліктеріне таралады. Ақауы бар бөлшектерді алмастыру (оларды алмастыру бойынша жұмыстарды қоса алғанда) тегін жүргізіледі. Кепілдік тек пайдалану мен техникалық қызмет көрсету төлқұжат нұсқауларына сәйкес іске асырылған жағдайда ғана жарамды. Бұйымның сапасы бойынша бекітілген кепілдік мерзімі кезінде кемшілікер анықталған және наразылықтар жарияланған жағдайда ғана қабылданады. Бұйым тек таза және жиналған күйде жөндеуге қабылданады.

### **Кепілдік жөндеу келесі жағдайларда жүргізілмейді:**

- кепілдік талон жоқ болғанда;
- кепілдік талон сәйкес түрде рәсімделмеген – ұсынылған аспапқа жатпайды, талонда сату күні немесе сатушы қолы немесе сауда ұйымының мөрі жоқ;
- кепілдік мерзімі өтіп кеткен кезде;
- кепілдік шеберханадан тыс аспапты өздігінен ашу (ашу әрекеті) немесе жөндеу кезінде (пломбасы бұзылған, бұрандалардың, корпусстың бөлшектердің және құрылымның басқа да элементтерінің оймакілтектері жұлынған);
- егер алмастыруға жататын бөлшек тез тозатын болып табылса (жетектік белдіктер, тұтандыру шамдары, ауа сүзгісі, отындық фильтр, тегершіктер, кергіш доңғалақшалар, ажыратқыш дисклері, стартер шнуры, бекіткіш элементтер, жонғыштар, доңғалақтар, шиналар, камералар, тіреуіштер), сонымен қатар егер қозғалтқыштың қызмет көрсету мерзімі үнемі техникалық қызмет көрсетуге байланысты болса (жақпалар, тазалау және т.с.с).

**Өндірушінің кепілдік міндеттемелері мына аспапқа таралмайды:**

– төлқұжаттың сәйкес бөлімдерінің талаптарының бұзылуы арқылы бұйымды пайдалану нәтижесінде туындаған зақымдану немесе ақауларға, сонымен қатар техниканы қарқынды пайдаланумен туындаған тораптар мен бөлшектердің табиғи тозуы нәтижесінде туындаған ақаулар мен зақымданулар;

- егер аспаптың желдету арналары өңдеу өнімдерімен бітелген болса\*;
- техниканың ішінде өңдеу өнімдері, тот болған кезде\*;

– аспапқа мерзім сайын техникалық қызмет көрсету кезінде орындалатын жұмыстардың барлық түрлеріне (реттеу, жиілік, тез тозатын бөлшектерді, материалдарды алмастыру және т.с.с.);

– бұйым төлқұжатымен бекітілген жұмысты дайындау мен тәртібіне қойылатын талаптардың бұзылуы нәтижесінде туындаған ақауларға. Мысалы, бұйымның қызуы, поршендік топтың істен шығуына әкелген жанармай қоспасының сапасы мен құрамына қойылатын талаптарды сақтамау (шартсыз белгісі поршендік сақинаның іргелес орналасуы немесе поршенні беті мен цилиндрдің ішкі бетінде үйкелудің болуы, шатун мен поршендік сақинаның тіректік мойынтіректерін балқыту немесе бұзу);

– қозғалтқыш майсыз жұмыс істегенде, майды уақытында алмастырмағанда, май деңгейі төмен болғанда жұмысқа жіберілмейді (иінді біліктің, бұлғақтың мойнының тозуы, поршенді топтың мерзімінен бұрын тозуы);

– сапасыз отынды, майды пайдаланған кезде (жану камерасындағы көп күйе, поршенді сақиналардың орыны, қақпақтардың қатып тұруы, карбюратордың ішкі бөлшектерінің тот басуы);

– жұмысшы аспап сыналған кезде (бұрамдық бәсеңдеткіштің тегершігінің бір жақты бұзылуы, жетекті тегершіктегі 1-2 тісшелердің қатарынан сынуы);

– редуктор жақпа майсыз жұмыс істеген кезде (редуктор бөлшектерінің мерзімінен бұрын тозуы).

Өндіруші бөлшектерді орнату немесе алмастыру салдарынан толықтай немесе жартылай, тікелей немесе жанама туындаған ақауларды жою және кепілдік қызмет көрсету немесе Өндірушімен рұқсат етілген болып табылмайтын қосымша бөлшектерді орнату немесе құрылымның өзгеруі салдарынан туындаған ақаулар үшін жауапкершілік алмайды.

Осы кепілдік бойынша жауапкершілік осы құжатта көрсетілген міндеттемелермен шектеледі, егер басқасы заңмен анықталмаған болса. Бұйымды қауіпсіз және тиімді пайдалану ережелері бұйымның төлқұжатында баяндалған.

---

\* - сервистік центрдегі диагностикамен анықталады.



БҰЙЫМНЫҢ АҚАУЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ СҰРАҚТАР  
БОЙЫНША СЕРВИСТІК ОРТАЛЫҚҚА ЖҮГІНІҢІЗ

**Жақын жердегі сервистік орталықтардың  
мекен-жайлары мен телефондары сайтта көрсетілген**

**[www.uralopt.ru/services](http://www.uralopt.ru/services)**



Сервистік орталықтардың қолданыстағы  
мекен-жайлары туралы өзекті ақпарат  
біздің сайтта бар:  
**[www.uralopt.ru/services](http://www.uralopt.ru/services)**

Өндіруші: "КАДВИ" ЖАҚ (Калуга қ-сы), Ресей